

Жетимекова Г.Ж.

ИНФОГРАФИКАДА PREZI ПОРТАЛЫН ҚОЛДАНУ МАҢЫЗЫ

Жетимекова Г.Ж.

СУЩНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПОРТАЛА PREZI В ИНФОГРАФИКЕ

УДК: 004.92

Мақалада инфографиканың қазіргі таңдағы ролі, ол үшін қолданылатын Prezi порталының қызметі мен маңызы туралы ақпарат берілген. Жаңа ақпараттық технологиялар саласында көптеген бағдарламалық қамсыздандырудың қызмет ететіні белгілі. Соның ішінде инфографикағы Prezi-дің қызметі өте жоғары екендігі мақалада келтірілген.

Негізгі сөздер: *бағдарламалық қамсыздандыру, ақпараттық технологиялар, инфографика, портал.*

В статье рассматриваются роль использования в инфографике портала Prezi и его особенности. В настоящее время в сфере новых информационных технологий используются множество программного обеспечения. В том числе, показано, что в области инфографики лучше использовать портал Prezi.

Ключевые слова: *программное обеспечение, информационные технологии, инфографика, портал.*

In article are considered use role in infographics of the Prezi portal and its feature. Now in the sphere of new information technologies are used a set of the software. Including, it is shown that in the field of infographics it is better to use the Prezi portal.

Key words: *software, information technology, infographics, portal.*

Бүгінгі күні білім беру жүйесінде оқу пәндерінің мазмұны мен мақсаты оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастыра отырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдіс – тәсілдер кеңінен қолдануды талап етеді. Сондай жаңа заман талабын сай студенттердің байқау, көру қабілетінің ерекшеліктерін ескеріп, дамытатын көрнекі-графикалық ақпараттарды визуальды елестету варианты – инфографика болып табылады.

Қазіргі уақытта көптеген жоғары оқу орындарында аз мөлшердегі уақыт шығынымен үлкен жетістіктерге жетудің маңыздылығы, студенттердің оқу жетістіктерінің көрсеткішін, жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту жүйесін енгізе отырып, уақыттың шығын талаптарын белсендірудің қолайлылығын тәжірибе жүзінде көруге болады. Айтылған мәселені шешудің тиімді жолы - онлайн оқытумен тікелей байланысты, яғни онлайн оқыту тәсілі білім деңгейін жоғарылатуға және оның бүгінгі уақыттағы қандай роль атқаратынын айқындауға көмектеседі. Жоғары оқу орнындағы онлайн жүйесінде студенттермен оқытушылардың

арасындағы қарым – қатынас, ақпаратты нақты әрі түсінікті түрде беру, студенттердің сұрақтарына жылдам түрде жауап алу, ақпараттың көрнектілігі, студенттердің өздік жұмыстарын әрі қарай жалғастыру сияқты білім беру жүйесіндегі жаңаша түрдегі түбегейлі өзгерістерге ие.

Қазіргі таңда Web дизайнның бір бағыты болып инфографика табылады. Иллюстрацияның көмегімен аудиторияға негізгі ойды жеткізу инфографиканың мақсаты. Қазіргі таңда инфографика күрделі ақпаратты беру үшін қолданылады. Интернет парақтары Flash және HTML5-дің интерактивті функцияларын кеңінен қолданып жүр. Flash және HTML5 Web-дизайн облысының үлкен мүмкіндіктерін ұйымдастыруға арналған. Үлкен көлемді ақпаратты беру үшін қолданылатын Prezi құрал-сайманы бір нұсқа болып табылады [1].

Prezi-дің көмегімен келесі әрекеттерді орындауға болады:

- ыңғайлы және тез масштабтау;
- навигацияның жылдамдығын бақылау;
- сурет және видео қою;
- блогтың немесе сайттың кез-келген жеріне презентацияны орната алу.

Сондықтан Prezi, HTML5 және Flash – жаңа типті инфографиканы құрудың бір бағыты болып табылады.


Ақпараттық әлемнің екі маңызды ұғымы электронды оқыту және инфографика бірін бірі толықтырып, қызмет етуде.

Инфографиканың негізгі мақсаты – ақпараттандыру. Ақпараттандырудың объектілері мәтіндік ақпаратты толықтырушы болып, тақырыпты толық көлемде қамтитын, визуалды түсіндірулерден тұратын мазмұн. Ақпаратты беру әртүрлі параметрлерден тұру мүмкін: кестелер, диаграммалар, номограммалар, иерархиялар, графтар, карталар, иллюстративті құрылымдар, пиктограммалар және т.б.

Инфографиканың мүмкіндігі болып жүйелеу мен құрылымдау табылады.


Визуальды бейнелер көмегімен бір идеяны таратудың танымал формасы инфографика.

Веб-сервисте мультимедиялық материалды өңдеу үшін Prezi.com сайтында тіркеуден өту керек. Тіркеумен соң, презентациялық үлгінің біреуі таңдалып, материал өңделеді. Таңдау беті келесідей кескіннен тұрады. (Сурет 1)



Сурет 1. Prezi презентациялық үлгіні таңдау беті

Презентациялық бет таңдалғаннан соң, беттің қажет деп табылған бөлігіне мультимедиялық материал орнатудан бастаймыз. Төмендегі суретте мәтін өңдеу құралының көмегімен мәтінді теріп, мәтінге қажетте барлық параметрлерді орнатамыз. Көрсетілген пиктограммалардың көмегімен мәтінге қажет деп табылған параметрлер қойылады. (Сурет 2)




Сурет 2. Мәтінді теру және мәтінге параметрлер орнату беті

Prezi веб-сервисінің меню жолы үш топқа бөлінеді [2].

1. Фреймдер орнату беті
2. Аудио, видео, сурет кою беті
3. Тақырыптар кою беті


Осы үш менюдің көмегімен презентациялық материалдың интерфейсін, дизайнын жақсартуға болады.

1. Фреймдер орнату менюінің көмегімен презентациялық беттерді құрылымға бөлуге, мазмұны жағынан, логикалық құрылымы бойынша топтастыруға болады. (Сурет 3)




Сурет 3. Фреймдерді орнату менюі

2. Көмегімен материалға аудио, видео, сурет, диаграмма, Power Point материалын коюға болады. (Сурет 4)





Сурет 4. Аудио, видео, сурет кою беті






3. Тақырыптар қою менюінің көмегімен байланыстырушы құралдарды, тақырыптарды мазмұнына қарай топтастырып қолдануға болады



Сурет 5. Тақырыптар қою беті

Презентациялық материал құрылымы мен интерфейсі дайын болған соң, файлды сақтау, толық рәсімдеу қажет етіледі. Ол келесі  батырмасының көмегімен орындалады. (Сурет 6.)




-  Share prezi...
-  Present remotely
-  Share on Facebook...
-  Download as PDF
-  Download as portable prezi

Сурет 6. Файлды экспорттау

Дайын болған презентацияларды белгілері арқылы мазмұнымен, байланыстырып, топтастыруға болады.

Презентацияларды құру барысында дигараммалар қолдану үшін дайын дигараммалар үлгілері ұсынылады. Диаграмма үлгісі таңдалғаннан кейін дигармма бөліктерін ақпаратпен толтыру қажет етіледі. (Сурет 7.)



Сурет 7. Диаграммалар құру беті

Инфографика презентациялық мәліметтерді тұрғызуда маңызды орын алатын коммуникациялық форманың бір түрі. Бір ғана сауатты кескін мың сөзден тұрады. Оның мағынасын ықшамдап, сол уақытта қажетті барлық ақпараттарды береді. Кескіндеу ақпаратты тартымды және көрнекті етеді. Білім беру саласында инфографиканы қолдану топтық қабылдаудың негізгі тізбесін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Шляхтина С. Пакеты для создания информационной графики. / «КомпьютерПресс» №7, 2005.
2. Prezi.com

Рецензент: д.т.н., профессор Кажикенова С.Ш.